

Семей мемлекеттік медицина университеті
Тағамтану және гигиеналық пәндер кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы; Адамдағы иуммунотапшылық
эпидемиясын алдын-алу

*Орындаған: Рысмагамбетова Ақбота
227-топ*

*Тексерген; Амантаева Гаухар
Кайсановна*

Семей 2017 ж



Жоспар

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

1. Иммуниетет тапшы синдромдар
 2. Салдарлық имундефицитті синдромдар
 3. Жүре болатын иммуниетет тапшылығы синдромының морфологиялық сипаттамасы
-

4. AИВ морфологиялық сипаттамасы

5. Айырша без.

6. Айырша безд

III. Қорытынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Кіріспе

- Иммунодефицитті синдромдар
- Иммунодефицитті синдромдар имундық жүйе қызметінің жеткіліксіздігі өз шегіне жеткендігінің бейнесі. Олар имундық жүйе жете қалыптаспағандықтан дамитын біріншілік имунитеттің тұқымқуалайтын және тұма тапшылығы синдромдары мен аурудан немесе емнен дамитын салдарлық, яғни имунитеттің жүре болатын тапшылығы синдромдарына бөлінеді.

Салдарлық имундефицитті синдромдар

- Салдарлық имундефицитті синдромдардың біріншілік синдромдардан айырмашылығы олар аурулар мен әртүрлі емнің зардабы ретінде дамып, көбінесе ересек адамдарда кездеседі.
- Имунды жүйе жеткіліксіздігіне себеп болатын аурулардың ішінде, бүгінгі таңда дүние жүзінің көптеген елдерінде бел алып отырған арнаулы вирус қоздыратын дербес ауру жүре болатын имунитет тапшылығы синдромының орны ерекше. Имундық жүйенің салдарлық жеткіліксіздігін ЖИТС тен басқа да инфекциялар, лейкоздар, қатерлі лимфомалар, тимома, саркаидоз жиі дамытады. Бұл аурулардағы гуморальдық және жасушалық имунитет жеткіліксіздігіне В және Т лимфоциттер популяциялары мен олардың ізшарларының да ақауы себеп болады.



- ЖИТС- аса қатерлі вирустық дерт. ДДҰ мәліметі бойынша АИВ жұқтырғандардың саны 2000 жылдан кейін 40—50 миллионға жетуі ықтимал. ЖИТС-пен ең көп науқастанушылар АҚШ-та, Батыс Еуропа елдерінде (әсіресе Франция, Германия, Ұлыбритания, Италия), Орталық Африкада, Гаитиде тіркелген. Вирус ТМД мемлекеттерінде, Жапония, Шығыс Араб елдерінде кездесе бастады. Әдетте ЖИТС-пен қала тұрғындары жиірек ауырады. Оған жөнсіз жыныстық қатынас, шектен тыс сексуальдық еркіндік, жезөкшелік, гомосексуализм т. б. жайлар себеп болады. Көпшілік жағдайда ЖИТС-тен сексуальдық белсенділігі басылмаған жастағы ерлер мен әйелдер зардап шегеді. Бала туу мүмкіндігі бар әйелдердің арасында ЖИТС тарала бастауына байланысты балалардың да осы ауруға шалдығуы жиілей түсті. Осыдан 3—4 жыл бұрын АИВ жұқтырғандардың 70—75%-ы еркектер болса, бүгінде есірткі қолдану-ылардың саны күрт көбейіп, олар көпшілік жағдайда ортақ шприц инелерін пайдаланатын болғандықтан, бұл науқасқа шалдыққан ерлер мен әйелдердің саны теңесті (50%-дан). Мұндай жағдай балаларға ЖИТС жұқтыру қаупін күшейтіп отыр. Қазіргі таңда көптеген жұқпалы аурулар белең алып, халқымыздың денсаулығына зиянын тигізіп келеді. Мәселен, жас айырмашылығын талғамай, елімізге қауіпті дерт болып жабысқан – СПИД ауруы.



Қауіпті ЖИТС (жұқтырылған иммун тапшылығының синдромы – СПИД) дерті қайдан бастау алғанына тоқталсақ, оның жұқтырылған белгісі алғаш рет 1981 жылы АҚШ-та тіркелген. Ал ЖИТС-ке шалдығудың соңғы сатысы ВИЧ инфекциясын 1983 жылы француз ғалымы Л.Монтанье ашты.



ВИЧ инфекциясы көп жылдар бойы адам ағзасында өмір сүріп, оның алғашқы белгілері пайда болғанша басқа адамдарға жұғуы мүмкін. Бұл аурудың емі әлі табылған жоқ. Алайда ВИЧ инфекциясы тіркелген жандардың бойындағы ауруды біраз уақытқа созу үшін дәрі-дәрмектер болғанымен, оның құны қымбат.

- **ЖИТС вирусы сау адамға мынандай үш негізгі жолдармен жұғады:**
- **1) Жыныстық қатынас арқылы;**
- **2) Адамның ауруы қаны арқылы (қан құю, ауру адамға пайдаланған шприцтер, т.б.)**
- **3) ЖИТС ауруы жүкқан анадан баласына ауысу арқылы.**

Инфекция көзі

- Вирус жұққан адам — вирус тасымалдаушылар, ЖИТС-пен ауырған адамдар инфекция жұқтыру көзі болып табылады. Ешқандай ауру белгілері байқалмайтындықтан әсіресе вирус тасымалдаушылар өте қауіпті. Вирус көп мөлшерде қанда, спермада, қынап кілегейінде, емшек сүтінде болады. Көз жасында, жұлын сұйығында, сілекейде өте аз мөлшерде болуы мүмкін. Жұғу жолдары. Медицинада дәлелденуі бойынша, ЖИТС-тің қазіргі кезде негізгі жұғу жолдары мынадай:
 - — жыныстық қатынас;
 - — вирустың бірден қанға түсуі (әртүрлі инъекциялар жасаған кезде т. б. жағдайларда);
 - — анасынан нәрестеге жұғу арқылы.

- **Қатерлі топқа жезөкшелер де жатады.** Партнерлердің жиі ауысуы да ЖИТС жұқтыру мүмкіндігін күшейтеді. ЖИТС-пен науқастанушылық бел алған елдерден келген азаматтармен жыныстық қатынаста болу әсіресе қауіпті. Жыныстық инфекциясы бар немесе бұрын ауырғандармен кездесу, етеккір кезінде жыныстық қатынаста болу, садистік әдеті бар партнермен жақындасу ЖИТС жұқтыру қаупін күшейте түседі.

ЖИТС-тің вирустың қанға бірден түсуі арқылы жұғуы қазіргі кезде ерекше аландаушылық туғызып отыр. Себебі тамырға наркотиктер енгізгенде ортақ инелі шприцті пайдаланатын нашақорлардың саны көбейіп келеді. Әрине, қолданатын инелерін олар тиісті өндеуден өткізбейді. Егерде ЖИТС-пен науқастанған немесе вирус тасымалдаушы нашақорлар қауымына қосылса, вирус оның инедегі қанының қалдығымен сау адамның ағзасына түседі. Вирус аурулардың 20%-ына осындай жолмен жұғады.

Вирус адамға қан немесе қан құрамынан тұратын препараттар құйғанда да жұғуы мүмкін. Кейбір аурумен науқастанғанда, операция жасағанда, әйел босанғанда донор қанын құюға тура келеді. Егер донор ЖИТС-ке тексерілмеген болса, вирус жұқтыру қаупі өте жоғары. ЖИТС жұғу мүмкіндігі бар қатерлі топқа гемофилиямен ауырғандар да жатады.

ЖИТС вирусының үшінші жұғу жолы — анасынан нәрестеге жұғуы. Ауырған немесе АИВ жұққан әйел-дерден туған балалардың 4/5-не вирус осындай жолмен жұққаны белгілі болды. Егер де анасы нашақор немесе жезөкше болса нәрестеге вирус жұғу қаупі бірнеше есе артады. Вирус нәрестеге қалыпты босану кезінде, баланы операция жасап алғанда және жүктілік кезінде жұғуы мүмкін. ЖИТС-тің нәрестеге науқас анасының емшек сүті арқылы жұғу оқиғалары да белгілі.

- **ЖИТС** – адамның иммундық жүйесінің бұзылуынан пайда болатын ауру. Иммундық тапшылық әсері салдарынан бір немесе бірнеше қауіпті аурулар дамуы мүмкін (пневмония, туберкулез, рак және т.б.), бұл аурулармен адам ағзасы күресе алмайды.
-

- **АИТВ - ЖИТС-ның** басты себебі болып табылатын індет. Егер жұқпаланған адамның қаны, шәуеті, қынап сұйықтары немесе ана сүті дені сау адамның қанына (инъекция, дене жарасы арқылы) немесе сілемейлі қабыншақтарына түссе, жұқпалану мүмкін. Тұрмыстық жағдайда жұғу мүмкін емес. Жұқпа жұқтырылған күнінен бастап ағзада өзінің бұзушылық жұмысын атқарады, иммундық жүйенің жасушаларын жаулап алады. ЖИТС диагнозы осы жасушалардың 80 пайызының бұзылуын білдіреді.
- **АИТВ** жұқпасын емдеуге арналған дәрі-дәрмек әлі ойластырылып табылмаған. Бірақ бүгінгі таңда науқастың өмір сапасын жақсартуы және өмірінің ұзақтығына әсер ететін дәрі-дәрмек бар.

АИТВ – тұрақсыз вирус – ағзадан тыс ортада, қанның (шәует және қынаптың) кебуінде өледі. Индет тұрмыстық жолмен берілмейді. АИТВ 56 С градусынан жоғары жағдайында лезде өледі.

Бірақ, тамыр арқылы инъекцияларда вирустың таратылуының дәрежесі өте жоғары – 95 %-ге дейін. Инемен шаншуда медперсоналға АҚТБ-ның жұғуы жолдары да тіркелген. Бұндай жағдайда, АҚТБ таратылуы жолдарының алдын алу мақсатында (пайыз үлестеріне дейін) дәрігерлерге жоғары белсенді антиретровирустік терапияның төрт апталық курстары тағайындалады. Химиофилактика, сондай-ақ жұқпалану қатеріне тәуелді өзге адамдарға тағайындалады. Химиотерапия вирустың ықтимал таратылуынан кейін 72 сағаттан аспай тағайындалады.

Нашақорлардың бірнеше рет инелер мен шприцтерді пайдалану АҚТБ-ның таратылуына әкеліп соғады. Оның алдын алу үшін арнайы қайырымдылық орындары құрылады, онда ақысыз негізде қолданылған шприцтер орнына таза шприцтер беріледі. Сонымен бірге жас нашақорлар жыныстық белсенді, қорғалмаған жыныстық қатынастарға жие түседі, бұл вирустың таратылуына қосымша жол ашады

Алдын –алу жолдары

- **ЖИТС** жұғудан қалай сақтанады? Әртүрлі инфекциялардан сақтанудың ең тиімді тәсілі — вакцина егу. Алайда вакцина дайындау бағытында тыңғылықты зерттеулер жүргізіліп жатса да, ондай профилактикалық препарат алу әзірше қолдан келмей отыр. ЖИТС-пен науқастанудан сақтанудың маңызды шаралары мыналар:

- — әлеуметтік, халықаралық, мемлекеттік шаралар;
- — жеке басты қорғауға бағытталған шаралар.
- **АИВ** - инфекция (адам иммунодефициті вирусы) -антропонозды, қоздырғышы әр түрлі механизмдермен берілетін, иммундық жүйенің ауыр зақымдалуымен жүре пайда болған иммундық тапшылық дамып өліммен аяқталатын жұқпалы ауру.
- Аурудың клиникалық маңызы иммундық жүйенің ауыр зақымдалуының салдарынан өліммен аяқталуына, нәтижелі емдеу шараларының болмауына байланысты. Эпидемиологиялық маңызы қарқынды таралуына, індетке қарсы нәтижелі шаралардың болмауына, арнайы қарсы шараның болмауына байланысты.
- **ЖИТС** – жұқтырылған иммун тапшылық синдромы – бұл адамның иммунды жүйесінің инфекцияның кез келген түріне қарсы тұруға қабілетсіз, АИВ-инфекциясының соңғы сатысы. Тіпті ең жеңіл деген кез- келген инфекция кісі өліміне әкелуге қабілетті.

Айырша без

Айырша бездің ісігі тимома лимфоцит тимоциттерден немесе эпителийлік тордың жасушаларынан дамиды. Олардың қатерлі де, қатерсіз де түрі бар. Бұл ісік жастарда кездеседі, айырша бездің кейпін қайталайтын немесе қабықты түйін түрінде көкірек қуысына жайғасады. Клиникалық бейнесі білінбейді немесе ол төңірегіндегі мүшелерді қысады, сонымен қоса, аутоиммундық аурулар мен иммунитет тапшы синдромдар туындатады.

T лимфоциттердің тінге жайылу дәрежесіне қарай, лимфоциттері аз, орташа лимфоцитті және лимфоциттері мол ісіктер түрі ажыратылады.

Қазақстанда ЖИТС-пен күресу жұмыстарын ұйымдастыру

Қазақстанда осы қауіпті ауруға қарсы күрес жүргізу мақсатымен мамандандырылған жаңа қызмет жүйесі құрылды. Оның құрамына республикалық, облыстық, қалалық ЖИТС-ке қарсы күресу және аурудың алдын алу орталықтары, диагностикалық лабораториялар мен анонимдік кабинеттер кіреді. Осындай қызмет жүйесінің күнделікті жұмысын Республикалық ЖИТС-тен сақтандыру комитеті басқарады. Бұл комитеттің ең басты мақсаты — ЖИТС вирусын жұқтырған адамды табу, оны тексеру және емдеуді жоспарлы түрде ұйымдастыру. Жоғарыда аталған ЖИТС орталықтары ұйымдастырушы, тәсілдеуші және емдеуші мекемелер ретінде жұмыс атқарады. Қазіргі кезде республикамызда ЖИТС-тен қорғану жөнінде жұмыс жүргізетін 20 орталық және 80 лаборатория бар. Олардың жұмыс бағыттары мынадай:

1. Вирус жұғу мүмкіндігі бар «қатерлі топтарға» (группы риска) жататын адамдарды тексеріп, вирус жұққан адамдарды дер кезінде тауып отыру;
2. Ауру ошағын анықтап, дәрігерлік бақылауға алып, вирустың әрмен қарай тарауына, яғни басқа адамдарға жұғуына мүмкіндік бермеу жұмыстарын ұйымдастыру.

A close-up photograph of two hands, one slightly behind the other, gently cupping a vibrant red awareness ribbon. The ribbon is tied in a simple knot and is the central focus of the image. The background is softly blurred, showing hints of other people's hands and clothing, suggesting a group setting. The overall tone is one of care and solidarity.

Қорытынды

Қорыта келе, бүгінгі таңда дүние жүзінде АИТВ мен ЖИТС дертіне шалдыққан адамдар саны артып келеді. Десек те, тәжірибе біздерге олармен қолма-қол ұстасып, осы аурумен күресуге болатынын көрсетті.

. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Google
- www.yandex.kz.
- Струков А.И., Серов В.В. Патологиялық анатомия: медициналық жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық. Орысшадан аударған доцент М.Т. Айтқұлов Алматы, 1993ж



**Назарларыңызға
рахмет!!!**



Shared